

6D080100 – «Агрономия» мамандығы философия докторы PhD  
дәрежесін алу үшін дайындалған Жумадилова Жанар Шадибековнаның  
«Арал өнірінің күріш ауыспалы егістігі жағдайында отандық  
биотыңайтқыштарды қолдану арқылы түйежонышқа сорттарының өсіру  
технологиясын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
ғылыми кеңесшінің

**ПІКІРІ**

Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев алдағы 10 жылдағы Қазақстандағы ең маңызды стратегиялық міндеттердің бірі ретінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету екенін ерекше атап көрсетті. Қазіргі кезеңде елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасына сәйкес көптеген жұмыстар атқарылып, өнімдердің экспорттық әлеуетін арттыру, оның ішінде мал шаруашылығы өнімдері – ет пен сүт өндірісін қарқынды дамыту қолға алынып отыр. Жақын болашақта мал азығына 75-80% қажеттілікті мал азықтық дақылдардың егіс көлемін арттыру қарастырылуда. Малазықтық дақылдардың ішінде болашағы бар егістік малазықтық бұршақ тұқымдас дақылдардың бірі – түйежонышқа. Бұл өсімдік құрғақшылыққа және топырақ тұздылығына тәзімділігімен, химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы, негізгі бұршақ дақылдарынан кем түспейтін, көк балаусасының жоғары өнімділігімен ерекшеленеді. Түйежонышқаның артықшылығы экологиялық икемділігінің жоғарылығы, топырақ құнарлылығын талап етпейтіндігі болып табылады. Түйежонышқа жақсы алғы дақыл, жасыл тыңайтқыш ретінде жоғары бағаланады және өсімдік шаруашылығын биологизациялауда маңызды рөл атқарады.

Автор Қазақстандық Арал өнірі күріш жүйесінің тұзданған топырағы жағдайында алғаш рет отандық биологиялық тыңайтқыштармен түйежонышқаның жаңа инновациялық сорттарының тұқымын өндеп, жоғары өнгіштік пен сапалы мол өнім алу үшін, түйежонышқа өсірудің жаңа технологиясын қалыптастыруды зерттеді.

Биологиялық тыңайтқыштар – бұл жаһандық мәселелерді шешудегі жаңа салмақты «экологиялық» сөз. Өйткені олар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, топырақтың құнарлылының төмендеуі, жердің тозуы сияқты мәселелерді шешеді. Осыған байланысты, өсімдік шаруашылығында биотыңайтқыштарды пайдалану ауыл шаруашылығы өндірісі деңгейінің өсуімен бірге кеңейтілетін болады.

Сондықтан Жумадилова Жанар алғаш рет Арал өнірі жағдайында түйежонышқа сорттарының тұқымын себер алдында отандық инновациялық биологиялық тыңайтқыштармен өндеу арқылы, олардың онтогенездің бастапқы дамуы кезеңі мен шығымдылығына, химиялық құрамына, тамырдағы түйнек бактерияларының жинақталуына әсері зерттеліп он нәтижелер алынды.

Диссертант мақсатты орындау барысында түйежонышқаның әк түрі Аркас және тісті түрі Сарайшық сорттары қатты тұзданған топырақта да

өсіп-дамып, сонымен қатар жер асты суларын өзіне пайдалана алатын, яғни тұз сініргіш қасиеті бар екендігі дәлелденген. Отандық «Фитобацирин» және «Ризовит-АКС» биологиялық тыңайтқыштарын жекелей қолданғанға қарағанда кешенді қолданудың әсері басым болатыны анықталып, өндіріске ұсынылған. Диссертация тарауларының нәтижелері өзара байланысты және әрбір жаңа тараудың зерттеу бағыттары қисынды түрде алдыңғыдан туындаиды.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша «Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық» 217 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағдарламасы шеңберінде орындалып жатқан мемлекеттік тіркеу №0118РК00180 AP105132366 «Қызылорда облысының тұзданған топырағының құнарлығын арттыру үшін отандық биотыңайтқыштарды қолдану және түйежоңышқа өсірудің синергетикалық тиімділігін зерттеу» жобасымен тығыз байланыста жүзеге асырылған.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.**  
Ж.Ш.Жумадилованың диссертациялық жұмысы кіріспеден, алты бөлімнен, қорытындыдан, өндіріске ұсыныстардан, библиографиялық тізімнен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың мазмұны компьютерлік мәтінде 130 бетте берілген, 36 кесте, 30 сурет келтірілген және 10 қосымша тіркелген. Диссертациялық жұмысты орындау барысында автор 197 ғылыми еңбектерді пайдаланған.

### **Зерттеу нәтижелерінің жариялануы**

Атқарылған жұмыстар нәтижелері бойынша ғылыми басылымдарды 14 еңбек жарық көрді, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне кіретін басылымдарда - 4, Халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында – 5, Scopus базасына кіретін шетелдік басылымда – 2 және басқа да басылымдарды – 3 мақалалар жарияланды.

Жумадилова Жанар Шадибековнаның зерттеулерінің нәтижелері малазықтық дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыру үшін теориялық және практикалық маңызы бар құнды еңбек болып табылады.

Ұсынылып отырған жұмыс өзектілігі және ғылыми жаңалығы, практикалық маңызы, құрылымы және безендірілуі жағынан ҚР БжFM Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толығымен сәйкес келеді және , ал оның авторы Жумадилова Жанар Шадибековна 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,  
«Өндірістік микробиология»  
ЖШС директоры,  
биология ғылымдарының кандидаты



Е. Шорабаев